


САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Қазақ тілі	 www.bilimland.kz
Мұғалім	Байдашева Нұргүл Болатовна	
Мектеп, сынып	№44 мектеп-гимназиясы, 2-сынып	
Сабақ тақырыбы	Сын есім	

Сабақ негізделген оқу мақсаттары	2.4.2.3 - сөз таптарын сын есімді ажырату
Сабақ нәтижесі:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p>
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топтық тапсырмалар, кері байланыс, өзін-өзі бағалау парағы,
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Пәнаралық байланыс	Музыка, әдебиеттік оқу, дүниетану, көркем еңбек.

Сабақтың жоспары

Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	Бағалау түрлері
Сабақтың басталуы 5 минут	<p>Топтарға бөлу. 1топ: Раушан гүлі 2топ: Бәйшешек гүлі 3топ: Сарғалдақ гүлі</p> <p>Психологиялық ахуал Біз гүлдердей жайнаған Қазақстан ұланы Тіршілікті сүйетін Табиғаттың қорғаны</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өздеріңіз айтқандай біздің оқып жатырған ортақ бөлім қандай? - Қоршаған орта <p>Жұмбақ тыңдап көрейік. Гүл-гүл жайнап жер, аспан, Гүрілдейді сайда өзен. Гүлжазира жарасқан Гүлдерімен қай кезен? (Көктем) Көктем мезгілінің ерекшеліктерін еске түсіру</p>	<p>Гүлдердің түрлеріне қарай топтасып отырады</p> <p>Смайлик арқылы көңіл күйді білдіреді</p>
Жаңа білім 7 минут	<p>Білу және түсіну Күн ашық. (қандай? сұрақты талқылау)</p>	



<https://imektep.kz/kz/syn-esim>

Сын есім атты видео көрсетіледі.
Сұрақ: - Не айтуға болады?

Сабақтың ортасы
15 минут

Қолдану мен талдау

https://itest.kz/kz/ent/kazakh-tili/lekciya_san_esim_turleri_san_esimning_turlenui_sojlemdegi_qyzm_eti

san_esim_turleri_san_esimning_turlenui_sojlemdegi_qyzm_eti (iTest. Морфология бөлімінен Сын есімнің жасалу жолдарын түсіндіру конспект арқылы талдау жасадым)

Топтық жұмыс.

1топ: Мәтіннен сын есімді табу

Мүйіztұмсық

Мүйіztұмсық - ірі жануар. Оның мүйізі жіңішке талшықтардан құралған. Алайда мүйіztұмсық күндіз сұлап жатады да, айбарлы дыбыс шығарады. Ал түнде жайылымға шығады.

Дескриптор

мәтіннің түрін анықтайды

мәтіннен сұрақ қою арқылы сын есімді таба алады

2топ:

Аталған әріптерден басталатын сөздер арқылы сөйлем құрау.

Ааа- Ашулы **арыстан** ақырды.

Әәәә- Әсем **әдемі** әңгелек әкелді.

Дескриптор

аталған әріптер арқылы сөздерден сөйлем құрайды сөйлемнен сұрақ қою арқылы сын есімді таба алады

3топ:

«Қоян» тақырыбында тірек сөздер арқылы сипаттау мәтінін құрау

Тірек сөздер: ұзын құлақ,қысқа құйрық, сұр және ақ түсті,

Дескриптор

тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрайды

мәтіннен сұрақ қою арқылы сын есімді таба алады

«Дұрыс,дұрыс емес» ойыны.

https://imektep.kz/kz/game#true_false-1427

Дескриптор арқылы бағалау әр топтың жұмысын (әр топ бірін-бірі бағалайды) «Екі жұлдыз,бір ұсыныс»

Сергіту сәті
2 минут

Сергіту сәті

Біз білімді оқушы

Алға қарай өрлейміз.

Әр сабақта бірлесіп,

Жұптық жұмыс білеміз

Оқушылар би билеп сергіп қалады.

Сабақтың аяқталуы
Сабақты бекіту
7 минут

Жинақтау. Жұптық жұмыс

Алма.пияз суреті бойынша кестеге сипаттап жазу

Атауы	түсі	дәмі	көлемі	салмағы	сұрақ
Алма					
Пияз					

Дескриптор

сипаттап сөздер жазады


сөзге сұрақ қоя алады



Тест. <https://imektep.kz/kz/game#quiz-476>

Әр жұп бірін-бірі бағалайды

Кері
байланыс
4 минут



Өзін өзі бағалау.

Кері байланыс